

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Бабаларымыздың «Не ексең – соны орасың» деген нақыл сөзінде қай заманда болсын мән-мағынасын жоймайтын үлкен ой жатыр. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған бүгінгі бүлдіршін ертеңгі жанұя тірегі, ел азаматы, ұлтының болашағы. Бүгін оны сапалы біліммен сусындатып, жан-жақты тәрбиелеуге қаншалықты күш салсақ, ертең оған сондай дәрежеде салмақ арта аламыз.

Елбасының әрбір Жолдауында білім саласына жете көңіл бөлініп, талаптар қойылуының мәні де осында. Бүгінгі таңда жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылып отыр. Әрине, білім мен ғылым заман талабына ілеспей, еліміздің өркениетті елдермен тең терезелес болуы мүмкін емес. Осы орайда облыстық білім беру басқармасы белгіленген білім саласын дамытудың жаңа міндеттерін шешудегі тиімді жолдарды айқындай отырып, оның дер кезінде сапалы орындалуын қамтамасыз етуге күш салып келеді.

Білім беру жүйесіндегі күрделі де жауапты буын – ол орта білім беру деңгейі. Қызылорда облысында жалпы орта білім беретін мектептер саны өткен жылы 298-ге, онда білім алатын оқушылар саны 136991-ге жетті.

Биылғы оқу жылында бірнеше жылдан бері шешімі табылмай келген Байқоңыр қаласындағы Ресей білім беру стандартымен қазақ тілінде білім беріп келген алты мектеп және бір балабақша үкіметаралық келісімнің негізінде Қазақстан Республикасы қарамағына көшіріліп,

білім беру үдерісі 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР стандарты бойынша жүргізіле бастады.

2016 жылы облыста 143 түлек «Алтын белгі» (60,2 %) (2013 жылы – 66, 2014 жылы – 94, 2015 жылы – 139 түлек) иегері атанды.

ҰБТ-оқушы білімінің қорытынды көрсеткіші ғана емес, өз таңдауы бойынша болашақ мамандығына жолдама алудың кепілі. Бірыңғай тестілеу жүйесі елімізде жыл сайын жетілдіріліп келеді. 2015 жылғы ҰБТ-ның қорытындысы бойынша алғашқы бестікке кездейсоқ шыққан жоқпыз. Ол бірнеше жылдың (соңғы 3 жылдың) атқарылған жұмыстарының нәтижесі болды. Аз қамтылған отбасы балаларының тегін сынама тесттен өткізілуі, мектеп бітірушілердің



жыл бойы тегін дайындық курстарынан өткізілуі соңғы 3 жылдағы 100 миллионға жуық қаржының тек мектеп бітірушілер үшін құйылуы оң нәтиже беріп отыр

2014 жылы облыста 21 білім беру нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген, 2015 жылы 22 білім беру нысанының (19-ы мектеп, 3-і балабақша) құрылысы жүргізілді.

Мұнан бөлек, ҚР Ұлттық қоры есебінен «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша үш білім беру нысанының құрылысы (Шиелі ауданы – 1, Қызылорда қаласы – 2) биыл аяқталып, пайдалануға беріледі.

Облыс бойынша 2014 жылдардағы 25 апаттық мектептің бесеуі жөндеуден өткізіліп, 2015 жылдың қаңтар айында 20-ға азайды.

Жыл көлемінде тоғыз апаттық мектептің жаңа құрылысы басталып, жетеуі пайдалануға берілді. Қалған

11 апаттық мектептің жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық бюджеттен құрылыстарын бастауы үшін қаржы бөлінді.

2015 жылғы наурыз айында облыс әкімдігімен НЗМ ДББҰ арасында меморандумға қол қойылды.

**Облыс әкімінің өкіміне сәйкес аймақта Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесін тарататын 22 мектеп бекітілді. Бұл инновациялық мектептердің 700 ден аса мұғалімдері «НЗМ» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығының арнайы білім жетілдіру курстарынан өтті.**

Аталған мектептердің оқу зертханалық базасын заманауи қондырғылармен толық жарақтандыруда мемлекеттік – жекеменшік әріптестікті қолдау орталығымен жұмыстар жүргізілуде. НЗМ-нің тәжірибесін аймақтағы білім беру ұйымдарына таратуды үйлестіру үшін облыстық білім басқармасы жанынан «Білім берудегі инновациялық технологиялардың әдістемелік орталығын» құру жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес Қызылорда облысының білім беру жүйесінде жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшуді ұйымдастырудың 2016 жылға арналған өңірлік іс-шара жоспары әзірленіп, жұмыстар жүргізілуде.

Іс-шара негізінде өзіміздің өңірдегі мүмкіндікті пайдаланып, кадр даярлау мәселесі де іске асырылуда.

Осы мақсатта,

**М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі мен «КАТЕУ» халықаралық қоры арасындағы келісім нәтижесінде 2015-2016 оқу жылынан бастап ағылшын тілін тереңдетіп оқыту арқылы мектептердегі негізгі пәндер математика, физика, химия және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді даярлау республикада алғаш рет пилоттық жоба ретінде қолға алынып, оны іске асыру бойынша меморандумға қол қойылды.**

Халықаралық ғылыми жоба жарыстары мен олимпиадаларға 77 оқушы қатысып, 30 оқушы жеңімпаз атанды. Биылғы жылы Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарының жүлдегерлері атанған 37-і түлек ҰБТ-ден босатылды. Республикалық ғылыми жоба жарыстарына тоғыз оқушы қатысып, бес оқушы жүлдегер атанып, бір оқушы номинация иегері атанды. Республикалық пәндік олимпиадаға 54 оқушы қатысып, 21-і жеңімпаз атанса, үш оқушы грамоталармен марапатталды.

Облысымызда 2015-2016 оқу жылында 31 колледжде аймақтың еңбек нарығына қажетті 97 мамандықтың 160 біліктілігі бойынша барлығы 22527 студент білім алуда.

Облыстың еңбек ресурстары балансына және жүзеге асырылып жатқан индустриалды-инновациялық жобаларға қажетті кадрларға деген сұранысқа сәйкес және соңғы екі жылда колледждердегі жүргізілген салаландыру жұмыстарының нәтижесінде 23 жаңа мамандық ашылып, 17 мамандық бойынша мемлекеттік тапсырыс орналастыру тоқтатылды.

Елбасы Н. Назарбаевтың тапсырмасына байланысты 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» беру бағдарламасына сәйкес Қызылорда облысында жүргізілетін «Тегін кәсіби-техникалық білім» беру пилоттық бағдарламасын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

**Бақытжан САЙЛЫБАЕВ,  
Қызылорда облыстық білім беру  
басқармасының бастығы**

**Анықтама:**

**Қазіргі таңда облыс бойынша 708 (450 балабақша, 258 шағын орталық) (2014 жылы 589, 2013 жылы 508) мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды, онда 47216 бала (2014 жылы 40491, 2013 жылы 33605) тәрбиеленуде. (2015 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 611 мектепке дейінгі ұйымда 41939 бала, 2014 жылы 589 МДҰ 40491 бала, 2013 жылы 508 МДҰ 33605 бала тәрбиеленге.**



## АННОТАЦИЯ ○

В статье начальника управления Кызылординской области Бақытжана Сайлыбаева рассказывается о положении дел в сфере образования региона, о достижениях и опыте решения проблем с нехваткой школ и дошкольных учебных заведений.